

Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданындағы Алғабас, Жамбыл, Көктерек және Шаян ауылдық округтерінің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 20 қыркүйектегі № 6/59-V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қазандағы № 299 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 қарашада № 2138 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек аудандық мәслихаты мен әкімдігінің бірлескен ұсынысын ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бәйдібек ауданының Шаян ауылдық округінің әкімшілік шекарасына Алғабас ауылдық округінен жалпы көлемі 560,8 гектар, Жамбыл ауылдық округінен жалпы көлемі 694,46 гектар, Көктерек ауылдық округінен жалпы көлемі 621,33 гектар жер бөліктерінің қосылуымен Алғабас, Жамбыл, Көктерек және Шаян ауылдық округтерінің шекаралары өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *А.Мырзахметов*

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы *Д.Әбіш*

Облыстық мәслихат хатшысы *Қ.Ержан*